	(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойыншықтар дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға тәрбиелеу. Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру. Балаларға "тауар", "баға", "табыс көзі" ұғымы жайында, табыстың негізінде уақыт, білім мен қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру; ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту; ойындағы мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру; еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулу. Құралдар: сөрелер, ойыншықтар, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, ақшаны білдіретін қағаздар. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.	ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту; ойындағы мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру; еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулу. Құралдар. Шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар қолданатын ойыншық құралдар және модельдері (қатпа қағаздан, пластиктен жасалған); қолғап (перчаткалар), халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар.	сақталмаған жағдайлардың балалардың қауіпсіз, жайлы, денсаулыққа пайдалы әрекет етуіне кедергі болатынына көз жеткізу, балалармен талқылау. Балалардың өміріндегі (жақында болған) немесе көркем шығармада болған оқиғаны талқылау; әділетті шешімге келу жаттығуы. Оқиға бойынша әділ шешім қабылдау үшін жағдайды балалар өздері тандайды немесе педагог ұсынады. Әділетті шешім үшін балаларға таныс көркем шығармадан мысал келтіру (немесе жаңаны оқып беру), әйгілі мақал-мәтелді қолдану: балалардың әйгілі әнді бірігіп айту, бірігіп ойнау, көмекке мұқтажды қолдау, тағы басқа амалдарды өздігінен, бірігіп табуға жағдай жасау.	«Қаржылық сауаттылық». Сюжетті-рөлдік ойын. "Цирк". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы), көрермен жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, саламатты өмір салтына тәрбиелеу. Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру. Балаларға "билет", "табыс көзі" ұғымы жайында, табыстың негізінде уақыт, білім мен қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру; ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "баға", "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту. Құралдар. Циркте қызмет ететін артистерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық ұршық, костюмдер).	ақша туралы түсініктерін кеңейту; валюталарды ойлап табуға және олардың суретін салуға үйрету. Материалдар: қарындаштар, фломастерлер, қағаз. Барысы: балаларға валюталарды ойдан шығару және олардың суретін салу ұсынылады. Суретін салу процесінде балалар валютаның атауын және оны қайда қолданатынын айтады.
Балалармен жеке жұмыс	Көркемсөзді мәнерлеп оқу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттер. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен	Жыл мезгілі туралы әңгіме. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері.	«Оң және сол» жаттығуы. (танымдық іс-әрекет) Міндеттер.	Жаңылтпаштар оқу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттер. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ,	"Кім, қайда тұрады?" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)

	таныстыру, санамақ айту өнеріне баулу. Санайық жаңаша Бір, екі, үш! Желбіре жалауша, Достықта біздің күш. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортаң терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек.	Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыруға, құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Қарапайым сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап беру қабілеттерін жетілдіру. Артикуляциялық жаттығулар. "Күшік" Орындалуы: Ауызды сәл ашып, үстіңгі ерін мен үстіңгі тістердің арасына тілді қойып, осы қалыпта 5 секундтай ұстап тұру.	Мақсат-міндеттері. Үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны. Педагог бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты алу керегін айтады. Ойын осылай жалғаса береді. (танымдық іс-әрекет)	жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Жағажайды жағалай, Жүгіреді Қамажай. Ала-ала алашалар, Тамаша олар, Оған кім таласа алар. «Жасырынған дыбысты тап» ойын-жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Балалар таңдаған дыбысты, суреттерге қарап, объектілердің атауларын атап, осы дыбыстың сөздегі орнын табу керек. Құрал-жабдықтар. Дыбыстық сурет-карточкалар.	Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Көрнекі құралдар. Әртүрлі жануарлардың тобы (үйірі, отары) мен олардың үйлерінің суреттері, қарындаштар. Барысы. Әр жануардың үйі қайда екенін анықтау, қарындашпен сызық жүргізу.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.				
Серуен	«Қауіпсіздік». «Экология». Кеш мезгіліндегі күнді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. "Өлі табиғат" ұғымын бекіту, оған күннің жататынын анықтау; күн мен маусымдық табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға, түсінуге үйрету.	Бұлттарды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға аспандағы бұлттарды байқауды және күн райының құбылуын бақылауға дағдыландыру; өлі табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және тағы басқа) – Бүгін күн райы қандай? Бүгін аспан қандай? Аспаннан нені	Аспанды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Жұмбақ. Дүниеде бір қарбыз бар солмайтұғын, Жаз піріп, қыста үсіп тоңбайтұғын. Жаһанның жерін, суын, жәндіктерін, Іші кең, бәрін салса толмайтұғын. (Аспан.) Бақылау: балалардың ұғымындағы көк аспан туралы ой-пікірлерін байыту.	«Экологиялық тәрбие», «Өнегелі тәрбие». Теректі бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың тірі табиғат түрі, терек ағашы, туралы білімдерін тиянақтау; терек ағашына тән белгілерді атауға ынталандыру; қысқы маусымда ағаштардың тіршілігі себептерін талқылау; өсімдіктерді (ағаш және бұтақтар) жіктей білуді бекіту.	«Экологиялық тәрбие». Шыршаларды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың таныс ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша табу қабілетін бекіту; шыршаның ерекшеліктерін және оның көмегімен оны басқа ағаштардан ажырату іскерліктерін дамыту. Өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін түсінуге көмектесу; жіктелуі туралы

	Күннің көзіне тура қарамау туралы қауіпсіздік ережесін бекіту, фотопенканы, күн көзілдірігін пайдалануды ұсыну. Кешкі уақытта күннің көлемі, күндізгіге қарағанда, едәуір үлкен, түсі қызылға айналатынын, суық маусым кезеңінде күн ерте бататынын байқату. Аспан көгін баурап алып, жайғасқан, Таңнан бері біздің ойға ұласқан, Күн қарайды оттай жылы жүзімен, Күн сайын ол қоштасады құзымен. Түн кезегін күманданбай береді, Таң атқанша жауап сұрап келеді: – Сағындың ба, адам, күтіп бүгінді? Жарығың боп мен бастайын күнінді. (Д. Ахметова) «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: самалжайды тазалау, ұсақ қоқысты (контейнерге) жинау. (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау.	көреміз? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар қозғала ма немесе қозғалмай ма? Жел бұлттарға не істейді? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауға, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінен ұқсастықтар табуға шақырыңыз. Балалардың айтқан жауаптарын және бейнелі сөздерін мақтаңыз. Қ. Мырза Әли «Аспанда» Аспан малға толып кетті – Бұлттар түлік болып кетті: Бір бұлт шықты ешкі болып, Бір бұлт шықты мешке болып. Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. «Тауық қорасындағы түлкі» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту. Қимылдауда қауіпсіздікті қалағалау. Алаңның бір жағында «тауық қора» орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады. Алаңның қарама-қарсы жағында «түлкінің іні» орны	Қыстың басында аспанда ашық бұлттар көп болатынын атап өту. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: самалжайды тазалау, ұсақ қоқысты (контейнерге) жинау. (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үйлестіру, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында	Қауіпсіздік. Экология. Бақылау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру, өсімдіктерге күтім жасауға баулу. Көк терек-ау, көк терек, Суықта жаның – шүберек. Қалайша өңің кеткен? Жапырақтарың түскен. Жалаңаш тұрсың, бозарып, Ұшқан желге ұзарып. Ызғарлыға тоңбайсың ба? Жалғыздықтан тозбайсың ба? Көк терек: "Халім тамаша. Тамырым бүтін, бұйырса. Бекер емес, білем, сабырым, Көктемде толады тамырым". (Д. Ахметова) «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: самалжайды тазалау, ұсақ қоқысты (контейнерге) жинау. (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау. "Қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойында	түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар; адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. Ғажайып шырша қылқандары Байырғы жапырақтан қалғаны: Суыққа төзіп, бүрісіп, кішірейіп, Таңқалдырып, тікенге ұқсап жатқаны. Күз келсе, жерге түспейді, Жел қақса, желпілдемейді, Бұтақ ұштарында тікірейген, Үстінен қар түссе, сынып кетпейді. (Д. Ахметова) «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жас ағаштардың тамырларын қармен қымтап жабу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Қоршаған ортаны қорғауға ынталандыру. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үйлестіру, зерек
--	--	--	---	---	--

	"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Шеңбер бойымен, түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен жүгіре білуді жетілдіру. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету. Балаларды ойын шартына сай әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер бойымен жүріп мына сөздерді айтады: – Мысығымыз момақан, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? "Допты бастаушыға" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсаты: допты лақтырып және екі қолымен қағып алуға жаттықтыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.	сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады. "Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: серуенге шығарылған ойын жабдықтарын жинау. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Ойыншықтар мен заттар адамның еңбегі нәтижесінде пайда болатынын ескерту, ұқыптылыққа тірбиелеу. Өзіндік еркін ойындар. (дене тәрбиесі, шығармашылық, қарым-қатынастар іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін, ынта мен шығармашылықты арттыру; өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.	белгілі жерде жасырынып отырады. «Аңшылар мен қояндар» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын шартын бұзбай (доппен) ойнауға, жетекші рөлді орындауға, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала «аңшы» болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар – «қояндарды» сомдайды. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру. Өзіндік еркін ойындар.	физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық) дамыту; жүгіру дағдыларын жетілдіру; ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. "Лақтыру - ұстау" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу қабілеттерін жетілдіру; доптармен ойындарда балалардың белсенділігін, дербестігін дамыту. Өзіндік еркін ойындар. (дене тәрбиесі, шығармашылық, қарым-қатынастар іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін, ынта мен шығармашылықты арттыру; өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.	болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде жасырынып отырады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек» (дене тәрбиесі) Мақсаты: балалардың затты (доптар немесе қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын дамыту, күшін, ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру; ережелерді орындай білу қабілетін дамыту. Өзіндік еркін ойындар. (дене тәрбиесі, шығармашылық, қарым-қатынастар іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін, ынта мен шығармашылықты арттыру; өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.
--	---	--	---	--	---

	Өзіндік еркін ойындар. (дене тәрбиесі, шығармашылық, қарым- қатынастар іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін, ынта мен шығармашылықты арттыру; өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.		(дене тәрбиесі, шығармашылық, қарым- қатынастар іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін, ынта мен шығармашылықты арттыру; өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.		
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс- әрекеті, дербес әрекет) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Ірімшікті кеміріп, Тышқан отыр керіліп. Мысық сүтті ішіп ап, Бет жумайды ерініп. Ботқа жеймін дейсің бе? Қазір жасап беремін. Сүт ботқасын көп жесең, Жылдам өсіп кетесің.	Салт-дәстүр. Қонақасы (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес әрекет) Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар.	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс- әрекеті, дербес әрекет) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дән саламын. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға.	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес әрекет) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар Нанда адамның еңбегі мен ары бар. Нан өмірдің ана сүті арқауы Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес әрекет) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Кешкі ас келді, Балалар үстелге жайғасты.
Балалардың дербес іс- әрекеті	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау;	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау;	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау;	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау;	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау;

(қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Міндеттер. Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту. Балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.	ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Міндеттер. Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту. Балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.	ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Міндеттер. Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту. Балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.	ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Міндеттер. Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту. Балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.	ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Міндеттер. Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту. Балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.
---	---	---	---	---	---

	(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Міндеттер. Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Еркін ойындар.	сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Еркін ойындар.	Міндеттер. Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Еркін ойындар.	сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Еркін ойындар.	сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Еркін ойындар.
Балалардың үйге қайтуы	"Ата-аналарға арналған жеке әңгімелер. Көзге арналған түзету гимнастикасы.	Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімдерін жетілдіру.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Баланың қабілеттері туралы әңгімелесу.	Баланың тәрбиесі туралы сөйлесу.

24.11 - 28.11.2025ж.

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармалышық іс-әрекет) “Қайырлы таң”	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармалышық іс-әрекет) Сәлемдесу Армысың, Әлем! Армысың, Жарық күн! Армысың, абзал Адам! Армысың, менің досым! (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармалышық іс-әрекет) Сәлемдесу Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен "Қайырлы таң!" - деймін мен. Күндіз де елді елеймін: Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін «Кеш жарық!» - деп кіремін.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармалышық іс-әрекет) “Еркем-ай”	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармалышық іс-әрекет) Сәлемдесу Армысың, Әлем! Армысың, Жарық күн! Армысың, абзал Адам! Армысың, менің досым!
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен	Ата-аналарға кеңес. "Балаларды суықтан қалай қорғауға болады?"	Ата-аналарға тапсырма беру.	Жоба ұйымдастыру. "Жаңа жыл мерекесіне арналған көрме". Жаңа жыл көрмесіне шырша жасау.	"Баланың қимыл белсенділігін қалыптастыру үшін отбасы қандай үлес қоса алады" тақырыбында әңгімелесу.	"Үйде демалысты қалай өткізу керек?" әңгімелесу.

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие». Еңбек: "Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау" (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету, шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, сыртқы түріне, құрылымына назар аударып, балаларға өсімдіктің шаңын кетіру әдісін таңдауды үйрету. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. (танымдық, шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балалардың бойынша патриоттық сезімді тәрбиелеу; ән айту дағдыларын қалыптастыру. STEAM. «Музыка жанрына сай қимылдаймыз» ойыны (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Міндеттер: балаларды музыканың әртүрлі сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; марш, вальс, полька сияқты музыка жанрларын	«Өнегелі тәрбие». Еңбек: "Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку" (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету, шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; өсімдіктердің жапырақтарына ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. "Бұл қай кезде болады?" (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру. Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін",	«Өнегелі тәрбие». Еңбек: "Асхана бойынша кезекшілік". (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығындағы тәртіпсіздікті байқау. Ортақ игілік үшін шынайы ниетімен еңбектенуге тәрбиелеу. Артикуляциялық жаттығуы. «Йне» (қарым-қатынас іс-әрекеті, дене тәрбиесі) Орындалуы: Ауызды кең ашып, тілді алға қарай созып, оны 10-15 секунд ұстап тұру. 3-4 рет қайталанады. Үстел үсті ойыны. "Бұл қашан болады?" (лото) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа баулу. Балалар жыл мезгілдерін көрсететін карточкаларды таңдайды. М. Монтессори технологиясымен жұмыс. (танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Геометриялық пішіндермен әр түрлі құрастыру	«Өнегелі тәрбие». Еңбек: "Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көруді, ұжымда тату-тәтті еңбек студі үйрету. Tigtag Junior. Коньки тебейік (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, дене тәрбиесі) Дамытушы ойын. "Лабиринт" (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Балалардың танымын дамытуға арналған жаттығу. Ойынның барысы. 1. Балаларға дайын лабиринт (аю мен апан) беріледі, балалар тез-тез орындап шығады. 2. Аю мен апан туралы әңгімелесу. 3. Аюдың суретін салудың дәстүрден тыс технологиясын қолдану. Жыл мезгілдері туралы жұмбақтар (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Балаларға	Ұлттық сезім күні. «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Кір сүлгілерді ауыстыру". (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Еңбек етуге ниеттерін тәрбиелеу, ересектерге көмектесуге ынталандыру. STEAM. «Өзіңе жұп тауып ал, сынақтан өт» ойын жобасы (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, дене тәрбиесі) Міндеттер: балаларда жұптағы ынтымақтастық негіздері туралы идеяларды дамыту; жұптағы әрекеттерді үйлестіруге, синхрондауға, бір-бірін түсінуге, жаттығуларды өздерінің және достарының мүмкіндіктерімен санаса отырып, сенімді орындауға ынталандыру; өз денесіне, қоршаған ортаға қатысты кеңістікті бағдарлау қабілетін белсендіру; өзара түсіністік сезімін, ұйымшылдық сезімін, жарқынжүзді болуға тәрбиелеу. https://bilimkids.kz/steam/37?l=2 «Қаржылық сауаттылық». «Қымбат-арзан» дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері: балаларға азық-түлік түрлері туралы түсінік беру; тауарды талдауға, арзан заттан қымбат затқа қарай (немесе

	ажырату қабілетін көрсетуге ынталандыру; музыканың осы жанрлары мен ырғақтарына сәйкес қозғалуға ынталандыру; есту зейінін, сезімнің экстероцептивті және проприоцептивті түрлерін, қиялын, аналитикалық ойлауын, музыкалық есту қабілетін, ырғақ сезімін, қимылдарды үйлестіруді дамыту; сезімталдықты, эмоционалды ықыластылыққа тәрбиелеу. https://bilimkids.kz/steam/74?l=4	"бұрын – кейінірек") анықтау. Нұсқаулық: бала күннің әртүрлі уақыттарына қатысты сюжеттер бейнеленген суреттер жиынтығын алады. Балалар кезекпен уақытты бөлігін атайды және олардың суретін сипаттайды (мысалы, "бұл таңертең, өйткені біз жаттығу жасаймыз"). Дидактикалық ойын. «Үлкен – кіші» (танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер: «үлкен-кішкентай», «түс», «алдында-артында», «алды», «арасында», «жанында» деген сөздерді пайдалана отырып, суреттерде бейнеленген құрtaқандардың әрқайсысын сипаттай алады.	жұмыстарын жүргізу.	сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау. Сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, жұмбақ шешу. Балалардың құстар жайындағы білімдерін тиянақтау; ой шапшаңдығын, елестету, сөйлеу қабілеттерін дамыту; зеректікке, білгірлікке тәрбиелеу. Дина Ахметова «Жыл мезгілдері» Күн ысып, Құстар ұшып, Балалар суға түседі, Бақшада құлпынай піседі. (Жаз) Күн суытып жаңбыр жауады, Жапырақтар сарғайып ұшып жатады. Адамдар астық жинайды. Қаздар көлде қиқулайды. (Күз) Аязы қатты, Боран жабады көкті, Айнала аппақ дала, Аппақ көше мен қала. (Қыс)	керісінше) ретімен орналастыра отырып, арифметикалық әрекеттерді қолдануға үйрету. Материал: азық-түлік өнімдері, монеталар бейнеленген карточкалар. Барысы: 1- нұсқа. Балаларға карточкалар ұсынылады, олар азық-түлік өнімдерін өсу ретімен арзаннан қымбатқа қарай және керісінше орналастыруы қажет. 2-нұсқа. Балаларға азық-түлік өнімдері бейнеленген карточкалар беріледі, бағаны азық-түлікпен сәйкестендіру қажет.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары "Қара жорға" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау)	Жалпы дамыту жаттығулары "Қара жорға" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау)	Жалпы дамыту жаттығулары "Қара жорға" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау) 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.	Жалпы дамыту жаттығулары "Қара жорға" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау) 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы	Жалпы дамыту жаттығулары "Қара жорға" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау) 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.

[illegible]

		шоқырақтау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).			
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дән саламын. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға.	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар Нанда адамның еңбегі мен ары бар. Нан өмірдің ана сүті арқауы Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Нан анасы бидаймын, Елге астық сыйлаймын. Дәнім толып піскенде, Қауызыма сыймаймын. Ақ, қарамын, сарымын, Мен өнімді тарымын. Халқым еңбек сіңірсе, Қайтарамын қарымын.	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Қуанады анашым, Таза оның баласы. Мандайымнан сипайды, Саусағының саласы.	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Ей, балалар, балалар, Бар қасиет нанда бар! Тоқаш, бөлке көп болар, Тәттіге жұрт тоқ болар.
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Қыс келді" тақырыбына әшекейлеу; туған өлкеге қыстың келуі туралы фотосуреттерді қарастыру. Балалар кітапханасы: Абая Құнанбаев "Қыс", Н. Жанаев «Ақ қоян» ; "Ақшақар" орыс халқының ертегісі (Даль В.И.), тағы басқа. "Күй күмбірі": "Салтанат" - Төлеген Момбеков https://www.youtube.com/watch?v=kiHYsg2CDq0 «Өнегелі»: Технологиялар және оларды пайдалану. Тақырыбы: «Технологиялар әлемі». Мақсаты: технологиялардың өмірдегі рөлін талқылау, оларды дұрыс қолдануды үйрету. Кезекшілік: қоғамға пайдасын тигізуге , өз ісіне адал болуға баулу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру; дербестік пен жауапкершілікке баулу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)				
	«Күз және қыс» суреттер бойынша әңгіме құрастыру жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)	"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері.	"Сипаттамадан тап" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Дидактикалық ойын. "Менің қайда және кім болып жұмыс істейтінімді тап". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-	«Қаржылық сауаттылық». "Тауар мен қызмет" тақырыбына әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)

	Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын құбылыстарды сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру.	Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Қыс мезгіліне тән табиғат құбылыстары жайындағы түсініктерді бекіту; тез ойлануға тәрбиелеу. Ойын барысы. - Балалар, сендермен ойын ойнаймыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық. Балалар суреттерді жылдам қойып шығады.	Мақсат-міндеттері. Сөйлеу тілін дамыту (сын есімдер мен зат есімдерді үйлестіру мүмкіндігі); белгілі бір заттарды, тіршілік иелерін біріктіретін ұғымдар туралы білімді бекіту. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Сипаттама. Балалар жауап беруге тиіс сұрақтарды дайындау. Мысалы: * түрлі түсті қанаттары бар әдемі жәндік, ұшуды ұнатады, балшырынмен қоректенеді (көбелек); * көлік, ұзын, бірнеше бөліктен тұрады, темір рельстермен жүреді (пойыз); * жабайы жануар, орманда тұрады, айға қарап ұлиды (қасқыр); * жабайы жануар, қызыл шашты, ертегілерде айлакерлігі айтылады (түлкі); * сары қабығы бар жеміс, дәмі қышқыл (лимон).	әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Мамандық түрлерінің атауын еске сақтау, қиялын, ынтасын дамыту. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу.	Балаларды тауарлар мен қызметтердің айырмашылығын, олардың қоғамдағы рөлін түсінуге бағыттау. Мысалы, оларды дүкенге алып барып, сатып алу процесіне қатыстыру, тауардың бағасын түсінуге мүмкіндік беру.
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Сауат ашу негіздері "[д] дыбысын таныстыру". Мақсат-міндеттері: [д] дыбысымен таныстыру. Артикуляция бойынша дыбыстарды дұрыс айтуды үйрету. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Қазақ тілі "Оқтауы бар түлкі" ертегісін әңгімелеу. Мақсат-міндеттері. «Оқтауы бар түлкі» ертегісінің сюжетін	Сауат ашу негіздері "[д] дыбысын қайталау" Мақсат-міндеттері: [д] дыбысын таныстыру. Артикуляция бойынша дыбыстарды дұрыс айтуды қайталау. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Математика негіздері "Жыл мезгілдерінің саны неге төртеу?" Мақсат-міндеттері. Балалардың "сегіз" саны	Математика негіздері Жыл мезгілдерінің саны неге төртеу? (Бекіту) Балаларда «сегіз» саны туралы және оның ең аз элементтері туралы түсініктерді дамыту. «Сегіз» санын тану, атау білігін бекіту, саны сегіз жолақты ұзындығына қарай өсу және кему ретімен бір-бірінің тұсына қойып салыстыру тәсілін жетілдіру; жылдың төрт мезгілі, қыс мезгіліндегі тәуліктің ұзақтығы қандай болатыны туралы білімдерін бекіту.	Математика негіздері "Жыл мезгілдерін ажырата білесің бе?" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы "сегіз" саны мен цифр туралы түсініктерін қалыптастыру, оны тану, атай білуді жаттықтыру. Тіл дамыту "Кел, жаттайық! Ө. Асылбеков «Әдептілік әліппесі» пысықтау. Мақсат-міндеттері. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіруді	Сауат ашу негіздері "Т-Д дыбыстары". Мақсат-міндеттері: сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Құрастыру "Чунга-Чанга аралынан пошта келді". Мақсат-міндеттері. Балаларға қатты қағазды екіге және бірнеше рет қайтара бүктеу әдісі бойынша

еске түсіру; өлшемнің үш түрі: үлкен, орта, кішкентай ұғымдарын бекіту; эмоциялар туралы түсініктерді дамыту; адам қонаққа барғанда сыпайы мінез-құлық көрсетуі; жануарлар туралы, ертегілердің жанры туралы білімдерін кеңейту; қазақ тіліндегі ертегінің мазмұнын түсінуді, ертегі кейіпкерлерінің жиі қайталайтын сөз тіркестерін және сөздерін еске сақтауды үйрету; сөйлеудің эмоционалдылығы мен экспрессивтілігін дамыту; ертегілердегі жануарлардың кейіпкерлерінің мінезі адам мінезіне ұқсайтынын түсінуге жағдай жасау; есту және визуалды еске сақтау, ойлау, үйлесімді сөйлеу негізін, коммуникативті және әлеуметтік дағдыларын дамыту. Дене тәрбиесі "Бір аяқпен кезек-кезек секіруді пысықтау". Мақсат-міндеттері. Балаларға түрлі жылдамдықта баяу және жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2 мин тоқтаусыз жүгіру; қосалқы қадаммен арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруді пысықтау. Қоршаған әлеммен таныстыру "Балық аулаудың бабы". Мақсат-міндеттер. Балаларға адамның және жабайы аңдардың қысқы тіршілігінің жазғы тіршіліктен айырмашылығын балықты	туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "сегіз" жиын санын құрайтын екі ең кіші элемент түрлері жайлы түсінігін дамыту. Музыка "Желтоқсан". Мақсат-міндеттері. Балалардың желтоқсан туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге және музыкадағы контрастық бөлімдерді ажыратуды үйрету. Тіл дамыту Кел, жаттайық! Ө. Асылбеков «Әдептілік әліппесі». Мақсат-міндеттері. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру.	Қазақ тілі Ш-Ж дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері). Мақсат-міндеттері. Балаларды [-ш], [-ж] дыбыстары және Ш ш - Ж ж әріптерімен таныстыру; Ш - Ж әріптерін ауада жазып көрсету; [-ш], [-ж] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, есту арқылы ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру; [-ш], [-ж] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөдің басында, ортасында, аяғында) тауып көрсетуді үйрету; сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыландыру. Дене тәрбиесі "Биіктігі 60 см кедергі заттар арқылы өрмелеп өту". Мақсат-міндеттері. Балаларға биіктігі 60 см кедергі заттар арқылы өрмелеп өтуді үйрету. Көркем әдебиет "Ө. Дүйсенбиевтің «Қыс» өлеңін жаттау. Мазмұны бойынша әңгімелеу" қайталау. Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Табиғат құбылыстарының сұлулығын сезінуді үйретуді пысықтау.	пысықтау. Музыка "Отаным". Мақсат-міндеттері. Балалардың бойында туған жеріне мақтаныш сезімін ән айтқызу арқылы қалыптастыру; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру. Қоршаған әлеммен таныстыру "Желдің күші". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында жел туралы түсініктерін қалыптастыру; желмен тәжірибелік жұмыс жасауды үйрету.	пілді құрастыруды үйрету. Дене тәрбиесі "Арақашықтықты сақтаймыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға қадамды алмастыра жүру; орнынан биіктікке секіру; құрсаудың ішіне кіру (биіктігі 50 см), көлбеу басқышқа шығу; шеңбер жасағанда қолды жан-жаққа созып тік тұру дағдыларын қалыптастыру. Көркем әдебиет "Шарль Перроның «Ұйқыдағы ару» ертегісін оқу" Мақсат-міндеттер: Балаларды Шарль Перроның «Ұйқыдағы ару» ертегісімен таныстыру; ертегінің мазмұнын, идеясын, кейіпкерлердің әрекеттерін түсінуді, еске сақтауды үйрету; балалардың байланыстыра сөйлеу, шығармашылық, ізденімпаздық қабілеттерін дамыту; ақыл-ойын, қиялын жетілдіру; мейірімділікті, төзімділікті бағалауды тәрбиелеу; ертегілер әлеміне қызығушылықты дамыту.
---	--	--	---	--

	аулау мысалында, бақылау барысында көрсету; балаларды еңбекті және объектілерді бақылауда зеректігін ұштау; адамның жалдың екі мезгілінде балық аулау еңбегін салыстырып, ортақ ұғымдарды табуға машықтандыру; қорек немесе азықтың зор еңбекпен табылатыны туралы ұғымдарды жетілдіру; байыпты, ұғымтал болуды тәрбиелеу.				
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.				
